



Исакулова Ж.Б.

**МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚҰҚЫҚТЫҢ
ПАЙДА БОЛУ ПРОЦЕСІНІҢ
ӘРТҮРЛІ ІЛІМДЕР МЕН
ТЕОРИЯЛАРДАҒЫ ТҮСІНІГІ**

*В статье рассматривается
понятия процесса возникновения
государства и права в различных теориях
и науках.*

*The article discusses the concept of the
process of state and law in various theories
and sciences.*

Сонау көне заманнан бастап адамдарды құқық дегеніміз, мемлекет дегеніміз не екендігі қызықтыра бастады. Көптеген философтар мен ғұламалар осы сұрақтарға жауап табуға тырысты. Құқық пен мемлекеттің әрбір адамның өміріндегі және жалпы қоғам өміріндегі маңызды орны мен ролі туралы өздерінің пікірлерін, теорияларын ұсынды. Бұл сұрақ оларды қызықтырды, өйткені мемлекет пен құқық көне заманда және қазіргі қоғамда да бізді толғандырытын мәселе болып табылады.

Адамзат өркениетінің дамуы барысының әрбір сатысында мемлекет пен құқық туралы, олардың қоғамдағы ролі және олардың әлеуметтік бағыты туралы өзіндік пікірлер қалыптасқан.

Заң, философия және саясаттану ғылымдарының пайда болуы барысында ондаған әртүрлі теориялар мен доктриналар пайда болды. Жүздеген неше түрлі жорамалдар айтылған. Ал мемлекет пен құқықтың табиғаты туралы дау дамай болса әлі күнге жалғасып келеді.

Ал енді мемлекет пен құқықтың пайда болуы туралы негізгі ілімдер мен теориялардағы көрінісіне тоқталайық.

Мемлекет пен құқықтың пайда болуы туралы материалдық (таптық) теориясы. Бұл теорияның негізін салушылар Ф.Энгельс, В.И.Ленин, К.Маркс болып табылады.

Бұл теорияның мәні бойынша мемлекетпен құқықтың пайда болуы дін немесе мораль сферасына емес, адамдардың өмірінің әлеуметтік экономикалық сферасына байланысты болып келеді.

Бұл теория бойынша мемлекет-рулық қоғамның орнына ауысады, ал құқық- әдет-ғұрыпты орнын басады. Енді осы орын ауысуға не себеп болғандығын түсіндіре кетейік. Адамзат дамуының ертедегі сатыларында өндіргіш күштердің деңгейі өте төмен болды, өйткені ол кездегі өндіргіш құралдар шөкпар, тас, балта, найза т.б. болды. Адамдар бірігіп орасан күш жұмсап, еңбек етіп ұжымдық өнім алып отырды, өйткені бұл кезде жеке меншік деген атыменде жоқ болатын, ал жеке меншік болмаған жерде бәсекелестікке, қанаушылыққа жол жоқ еді. Кейін келе өндіріс құралдары жетіліп, олар металдан жасалына бастады. Қоғамда еңбек бөлінісі пайда болып, егіншілікпен қатар мал шаруашылығы, қолөнер пайда бола бастады. Жаңа еңбек құралдарының арқасында қажетті мөлшерден артық өнім өндіріле бастады, сөйтіп артық, қосымша өнімнің пайда болуымен жеке меншік дүниеге келіп, адамды адамның қанауына мүмкіндік ашылды. Байлар мен кедейлер



өмірге келді. Құлдар мен құл иеленушілер пайда болды. Құл иеленушілер құлдардың еңбектерін пайдаланып, өздеріне қажетті өнімдерін артық мөлшерде өндіре бастады. Қоғамда әр түрлі таптар пайда болып, қоғамдық мүдделер мен көзқарастарда өзгеріске ұшырай бастады. Ру мүшелерінен әскербасы, абыздар, көсемдер бөлініп шыға бастады. Олар өздерінің қоғамдық құзіреттерін пайдаланып, жорықтардан түскен табыстың көп бөлігін, жақсы жер учаскелерін, қару-жарақтар мен жылқылардың көбін иемденіп алды. Уақыт өте келе мұрагерлікке жалғастырып алған өздерінің биліктерін олар қоғамның мүдделерін қорғау үшін емес, өздерінің жеке мүдделерін, құлдарды өз қарамағында ұстау үшін, қаналушы таптарды жаншып басып тастау үшін пайдаланды.

Жанадан пайда болған экономикалық қоғамдық жағдайдың алдында мүліктік бөліну мен әлеуметтік теңсіздіктің не екенін білмейтін баяғы ұйымдасқан билік-рулық ұйым, экономикалық мен әлеуметтік өмірдегі өзгерістердің салдарынан қоғамдағы теңсіздікке әкеліп соқтырған жаңаша қоғамға билігін жүргізуге қауқарсыз еді. Ф.Энгельс өзінің «Отбасының, жеке меншіктің және мемлекеттің пайда болуы туралы» еңбегінде, «Рулық қоғам өз өмір сүруін аяқтады. Ол еңбек бөлінісімен және соның арқасында пайда болған қоғамның кластарға бөлінуінен әсерінен жанышталды. Ол мемлекетпен ауыстырылды», - деп жазады [1.206].

Ф.Энгельс мемлекеттің пайда болуындағы оның негізгі үш нысанын атаған болатын. Бұлар, Афин – бұл өте таза, классикалық мемлекет нысанына жатқызылған. Себебі, мұнда мемлекет тікелей рулық құрылымның ішінде дамыған, таптық қарама-қайшылықтың нәтижесі. Римде мемлекеттің пайда болуының тездетілуіне, римдік рулардың басқарушыларына қарсы шыққан, римдік рудан жеке өмір сүрген, құқықсыздар мен плебейлердің күресі үлкен әсер еткен. Ертедегі германдықтардың мемлекетінің пайда болуына маңызды әсер еткен Ф.Энгельстің сөзімен айтқанда басқа біреудің жерлерін жаулап алу болды, ал ондай жерлерге билік жүргізуге рулық қоғам қалыптаспаған болатын.

В.И.Лениннің берген анықтамасы бойынша: «Мемлекет дегеніміз – келісімге келмейтін таптық қарама-қайшылықтың көрінісі және нәтижесі». Оның пікірінше мемлекеттің ең негізгі белгісі – қоғамды басқаратын арнайы билік-күші бар адамдар тобының болуы. Билік қарапайым халықтан оқшауланғанда ғана мемлекет пайда болады және ол оқшаулануға негізгі құралдар- қарулы күш және экономикалық басымдылық керек. Оның ойынша мемлекет-үстем таптың қарапайым тапты бағындырып, қадағалап отырытын күші деп санады. Яғни олардың идеялар бойынша мемлекет тек қана үстем таптың мүддесін көздеу үшін ғана қажет болды және сол үшін де дүниеге келді.

Мемлекеттің пайда болуы туралы теориялармен қатар құқықтың пайда болуы туралы да бірнеше көзқарастар бар. Бірақ ғалымдардың пікірінше құқық әлеуметтік институт сияқты мемлекетпен бірге пайда болады, өйткені олар бір-бірінің әрекет етуін қамтамасыз етіп отырады. Құқық болмаса мемлекет те пайда болмайды, өйткені құқық саяси билікті қалыптастырып, мемлекеттің саяси билігін жүзеге асырады. Сол сияқты мемлекетсіз құқықтың да болуы мүмкін емес, өйткені мемлекет құқықты орнықтырып оның заңдық нормаларын қамтамасыз етеді.

Материалистік (таптық) теория бойынша, құқықта үстем таптың мүддесін қорғау үшін дүниеге келді және құқық та мемлекет сияқты таптық сипатқа ие. Ол үстем таптың заңға енгізілген еркін білдіреді. Бұл ерік барлық халыққа міндетті болып табылатын мемлекеттік билікпен бекітілген заң нормаларында көрініс табады. Алғашқы қауымдық қоғамда адамдардың іс-әрекеттері мен олардың арасындағы қарам-қатынастар әдет-ғұрыптармен реттеліп отырса, таптық қоғамға әдет-ғұрып жеткіліксіз болды. Орындалуы күш қолдану арқылы арнайы органдармен қамтамасыз етілетін заңдар пайда болды.

Жоғарыда аталып өткендей мемлекетке дейінгі қоғамда әлеуметтік нормалар болды. Олар әдет ғұрып түріндегі-мононормалар болды. Олар барлық қауым мен рудың жүріс-тұрыс ережелерін реттеп отырды. Құқық тарихи кластық құбылыс ретінде пайда болып, ең бірінші ретте экономикалық билік етуші таптың мүддесін және еркін білдірді. Біз оған баяғы құлиеленушілік және феодалдық қоғамдағы құқықтық актілерден көз жеткіземіз.

Егер әдет-ғұрып адамдардың іс-әрекеттері мен саналарында сақталса, құқықтық нормалар жалпылама хабарлау үшін жазбаша нысанда болды.

Профессор А.В.Мальконның жазбалары бойынша, құқық әдет-ғұрыпқа қарағанда күрделі реттеуші болып келеді, өйткені құқықта тыйым салу мен қатар қоғамдық қарым-қатынастарды әр түрлі дәрежеде реттеушілікке кен мүмкіндік беретін құқықтық әсер етудің мүмкіндік беру және міндеттеу амалдары да қолданылады. Құқықтың пайда болуы - әлеуметтік байланыстардың шиеленісуінің нәтижесі, алғашқы қауымдық қоғам реттей алмаған қарама-қайшылықтардың тоғысуы. (обострения)



Профессор А.В.Малько өзінің еңбегінде құқықтың пайда болуының мынадай 3 негізін атап көрсетті. Олар: *қоғамның мүліктік бөлінуі; қоғамдық сана мен мәдени дәрежесінің жоғарылауы; мемлекеттік құқықшығармашылық рөлі.*

Қоғамның мүліктік бөлінуінде, экономикалық жағынан үстем тап өкілдері қоғам мүшелері ретінде өздерін қорғайтын және олардың жеке мүдделерін білдіретін әлеуметтік нормаларды құруға мүдделі болды. Өздеріне экономикалық басымдылық ала отырып, олар жалпы жүріс-тұрыс ережелерін құруда қатысатын тұлғалардың құрамын ақырындап қысқарта бастайды, оларға негізгі әлеуметтік институттарға материалдық әсер етуге мүмкіндік туа бастайды. Мысалы, жауапкершілікке. Жария билікті құруда, мемлекеттік аппаратты құру барысында негізгі адамдардың массасы құқықтық нормалар жасауда шеттетіледі.

Қоғамдық сана мен мәдени дәрежесінің жоғарылауында, қоғамның дамуымен ондағы әлеуметтік құндылықтарда өзгере бастайды. Тікелей мемлекеттің пайда болуымен байланысты жаңа құзіреттіліктер пайда бола бастайды. Бір жағынан жария биліктің өкілдері өздерінің құзіреттіліктерінің қоғамға әсер етуі бойынша қатан қалаптастыру қажет деп табады, екінші жағынан бұл құзіреттіліктер қоғамның басқа мүшелерімен танылуы, қолдануы тиісті. Қоғам санасының дамуы, көпшілік адамдар жария билікті және оның құқық нормаларында заңды құрылуын қолдауына және оны өздерінің саналарында орнықтыруына әкеледі.

Мемлекеттің құқық шығармашылық рөлі – мемлекеттік институттардың тарихи дамуы олардың заңдандырылуын, арнайы тіркелуін қажет етті. Бұл мемлекетпен бекітілген немесе санкцияланған, жалпы жүріс-тұрыс ережесі-құқықтың көмегімен жүзеге асты [2.30-31].

Профессор Т. Ағдарбеков өз еңбегінде, мемлекетке дейінгі қоғамдағы әдет-ғұрып пен құқықтың негізгі бірқатар айырмашылықтарын атап көрсетті.

Біріншіден, құқық алғашқы қауымдағы қоғамның барлық мүшелерінің мүддесін емес, тек қана оның белгілі бір бөлігінің-әлеуметтік топтың немесе клестың ғана мүддесін білдіреді.

Екіншіден, құқық сендірушілік күшімен емес, мемлекеттік мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етіледі және жүзеге асырылады. Мәжбүрлеу амалдары ретінде қауымнан қуып жіберу емес, арнайы өлім жазасына дейін баратын амалдар қолданылады. Мемлекет өзіне адамдардың өмірін шешуші құдайдың рөлін алады.

Үшіншіден, құқық әр түрлі құқықтық негіздерде өзінің сыртқы көрінісін табады. Мысалы, нормативтік актілерде, прецеденттерде, нормативтік мазмұнға ие келісім-шарттарда, құқықтық әдет-ғұрыптарда.

Төртіншіден, құқық тек қана жай тыйым салуларды орнатып қана қоймай, мемлекеттік және қоғамдық өмірді жан-жақты регламенттейді. Құқық нормаларында қоғамдық қатынастардың субъектілерінің құқықтары мен міндеттері, мемлекеттік және қоғамдық органдардың құзіреттері, құқық пен бостандықтардың жүзеге асырылу кепілдіктері, функциялары, тапсырмалары, формалары, мемлекет функциясының жүзеге асырылу нысандары бекітіледі. Көптеген ғалымдардың пікірінше құқық өмірдің барлық жақтарын реттемеуі қажет, ол тек қана кепілдік беруі тиіс, ал басқа ғалымдардың пікірінше құқықпен қанша көп реттеліп отырса, сонша заңдылық пен тәртіп қамтамасыз етіледі [3.146-147].

Мемлекеттің пайда болуы туралы табиғи-құқықтық теориясына тоқталар болсақ, бұл теорияның негізі-мемлекет адамдардың табиғи жағдайының салдарынан пайда болған деп түсіндіреді. Бұл теория бойынша мемлекеттік пайда болуы адамның табиғи көңіл күйімен байланыстырылып, адам өмірінің жағдайы және адам баласының өзара қарым-қатынас сипаты өзгертілмей табиғи күйінде, біржақты емес жағдайда көрсетіледі. Гоббс табиғи күйді «бәрін барлығына қарсы соғысқа» апаратын жеке адамның бостандық патшалығы ретінде сипаттады. Руссо бұны бостандықтың бейбіт күйдегі идеалистік алғашқы қауымдық патшалығы екендігін атап көрсетті. Локк адамның табиғи жай күйі оның шексіз бостандығында деп жазды.

Табиғи құқық теориясының өкілдерінің пікірінше, мемлекет-халықтың ақыл еркінің негізінде ойлап табылған заңды акт-қоғамдық келісім нәтижесі, адамдар мекемесі немесе шығармашылығы. Сондықтан бұл теория мемлекеттің пайда болуы туралы адамдардың жақсы бостандық пен тәртіпті қамтамасыз ету үшін біріккен саналы еркін мәдени шығармашылығы сияқты көрінетін механикалық ойлармен ұштасады. Мысалы, Гольбах қоғамдық келісімді-қоғамды ұйымдастырудағы және оны сақтауға арналған жағдайлардың жиынтығы деп түсіндірген. Ал Дидро болса өзінің қоғамдық келісім туралы түсінігін келесі түрде баяндаған: «Адамдар, егер олар өздерінің бостандығын, тәуелсіздігін ары қарай пайдалана беретін болса, өздерінің сезімдеріне шексіз ерік беретін болса, әрбір адамның жағдайы күрт бақытсыз



болатынын сезді; олар әрбір адамға өздерінің табиғи тәуелсіздіктерінің бір бөлігін барлық қоғамның бостандығын білдіретін басқаша айтқанда олардың барлық біріккен бостандықтарына және барлық күшітеріне жалпы орталық болатын ерікке бағыну керектігін түсінді-деп жазады. Мемлекеттердің пайда болуы осылай».

Келісім теориясы өзінің дәлелдеуін Руссоның еңбектерінде тапты. Ол тарихи тәжірибелерге сүйене отырып мынадай қорытындыға келген: басқарушылар мемлекетті өздерінің меншігі ретінде санап, азаматтарды өздерінің құлдары деп санаған. Олар деспоттарға, халық қанаушыларына айналған. Деспотизм Руссоның түсінуі бойынша, ең жоғарғы және шеттен шыққан қоғамдық ерекше көріністер, жеке меншіктің нәтижесі сияқты байлар мен кедейлердің теңсіздігі, биліктің нәтижесі сияқты күштілер мен әлсіздердің теңсіздігі. Мұндағы теңсіздік жаңадан пайда болатын теңдікті теріске шығарудың себебі болады. Мұнда деспоттың алдында бәрі бірдей, өйткені әрқайсысы нөлге тең. Бірақ бұл бұрынғы қауымдық қоғамдағы адамдардың табиғи теңдігі емес, табиғи теңдікті бұзып, өзгертіп көрсету.

Руссоның пікірі бойынша тең құқықты мемлекеттік құрылым құру және нағыз теңдікті қалпына келтіру үшін ерікті қоғамдық келісім-шарт жасасу қажет деп табады. Бұл келісім шарттың негізгі тапсырмасы «әрбір қатысушыны баяғы бастандық ерікті қалпында қалған күйінде, ортақ біріккен күшпен оның өзін, мүлкін қорғайтын ассоциациялық нысан табу керек» [4].

Руссо өзінің көзқарастарын қорытындылай келе былай деп жазады: «Біздің әрқайсысымыз өзіміздің жеке басымызды және барлық күшімізді жалпы еріктің жоғары басқаруына береміз және біз бірігіп әрбірімізді бөлінбейтін тұтастықтың бөлігі ретінде қабылдаймыз» [5.13]. Осылайша қоғамдық келісім шарт табиғи теңсіздікті бұзбайды, сонымен бірге күш қолдану теңсіздігін моральдық және заңдық теңдікпен ауыстырады.

Басқа теориялар сияқты қоғамдық келісім-шарт теориясы да көптеген сынға ұшырады. Мәселен, Коркуновтың пікірі бойынша, қоғам мен мемлекеттің құрылуын келесімділікпен бастау, қоғам өмірін өте жекешелендіріп көрсетеді. Мұндай кезде, жеке адам «барлығының үстінен қараушы және барлығын белгілеуші. Қоғамдық ортамен жеке адамды қамтамасыз ету белгіленбеген, керісінше, қоғамдық тәртіп жеке адамдардың барлығын тұтас қамтыған зорлық-зомбылыққа айналады» [6.184-185].

Шершеневичтің пікірінше, механикалық ойды жақтаушылардың тарихи шындықты мойындауы өте сирек, себебі қоғамдық келісімдердің түсінігінде тек әдістемелік жолдарға жатады: «Олар үшін тарихта солай болдыма, жоқпа, маңызды емес, олар үшін маңыздысы қоғамның қай түрді қабылдағанын дәлелдеу, егер оның негізінде келісіммен қамтамасыз етілген барлығының қоғамдық келісімі болмаса, ешкім өмірді, өзін қоғамдық жағдайлармен байланыстырмайды» [7.110]. Осы теорияны бағалауда жоғарыдағы көзқарасты Трубецкой да қолдайды. Оның пікірі бойынша «қоғам ерікті адамдардың шығармашылық жемісі емес, керісінше адам тарихи құрылған қоғамдық белгі, тарихи ортаның нәтижесі, тұтастық заңдылыққа бағынған әлеуметтік организмнің бөлігі» [8.214]. Бұл теорияның кейбір тұжырымдары іс жүзінде мемлекеттік құрылыстарда пайдаланылады. Оған мысалы АҚШ-ты алуға болады. Оның конституциясы өзінің құрамына кіретін халықтар арасында заңды келісімді бекітіліп, құқықтық сотты бекітіп, ішкі тыныштықты қорғау, бірігіп қорғануды ұйымдастыру сияқты мақсаттарды көздейді. Мемлекеттер арасындағы келісімнің нәтижесінде КСРО-да құрылған болатын. Сондықтан келісім-шарт теориясының элементтері өзінің тарихи негіздеріне сүйенеді деп толықтай айта аламыз.

Ал енді құқықтың пайда болуы туралы табиғи құқықтық теорияға тоқталар болсақ, ол негізінен Руссоның, Гольбахтың, Радищевтің еңбектерінде көрініс тапты. Бұл теорияның негізі идеясы мынадай: мемлекет құрған позитивтік құқықтан басқа, барлық адамдарға бірдей позитивтік құқықтан жоғары тұратын табиғи құқықтың өмір сүретіндігінде. Олар табиғи құқықтың талаптарына негізделеді (өмір сүру құқығы, еркін даму құқығы т.б.). Цицеронның айтуы бойынша, табиғи құқыққа қарсы шығатын мемлекет заңдары, заң ретінде есептелуі мүмкін емес.

Қоғамның және мемлекеттің пайда болуы туралы басқа теорияларды жақтаушылар бұл теорияны сынға алып, жетістіктері мен жетімсіз жақтарын көрсетті. Ол табиғи қажеттілік себебі мемлекеттің пайда болуы, бұрынғы болған және болатын теориялар жеке адамдардың объективті процестерге субъективті көзқарастары болып табылады.

Әлемде әрқашан мемлекет пен құқықтың пайда болуын түсіндіретін көптеген теориялар болды және болады да. Бір жағынан бұл теориялардың болуы мемлекет пен құқық сияқты құбылыстың күрделілігі мен көпжақты болуының салдарынан түсінікті әрі табиғи құбылыс болып табылады, ал екінші жағынан бұл теориялардың әрқайсысы әр түрлі таптардың, топтардың, кластардың, ұлттардың, басқа



әлеуметтік топтардың мемлекетпен құқықтың пайда болу процесіне деген әртүрлі көзқарастарын және пікірлерін көрсетеді. Осы пікірлер мен көзқарастардың астарында әртүрлі экономикалық, қаржылық, саяси және тағы басқа да мүдделер әрқашан жатқан және жатады да.

Мұндағы мәселе топтардың мүдделерінде және оған байланысты қарама-қайшылықтарда емес, бұндағы мәселе қоғамдағы барлық осы мүдделердің және қарама-қайшылықтардың мемлекет пен құқықтың пайда болу, даму процесіне тікелей немесе жанама әсер етуінде.

Әдебиеттер:

1. Энгельс Ф. Происхождение семьи, частной собственности, и государства. - М., 1985.
2. Малько А.В. Теория государства и права. – Москва, 2007.
3. Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы, 2003.
4. Руссо Ж.Ж. О причинах неравенства. - СПб., 1907.
5. Руссо Ж.Ж. Об общественном договоре. - М., 1938.
6. Коркунов Н.М. Лекции по общей теории права. - СПб., 1984.
7. Шершеневич Г.Ф. Общая теория права. - М., 1911.
8. Трубецкой Е.Н. Лекции по энциклопедии права. –М., 1917.